Андатпа. Мақалада қоғамдағы сайлау жүйесінің маңыздылығы мен Қазақстан Республикасындағы қазіргі сайлау жүйесінің өзіндік саяси-құқықтық қалыптасуының эволюциялық кезеңдерін баяндайды. Сайлау жүйесінің түсінігіне анықтама беріп, түрлеріне SWOT талдау мен салыстырмалы талдау жасаған. Артықшылықтары мен кемшіліктерін көрсетеді, қазіргі жай-күйін, маңыздылығын сипаттайды. Сайлау жүйесі реформасын азаматтық қоғамның демократиялық негіздері мен институттарын дамытуға барынша қолдау көрсету арқылы тұрақты саяси үдерістерді жүргізудің саяси және құқықтық құралы ретінде қарастырған.

Қазақстанда қоғамдық-саяси дамудың жаңа кезеңінде жүргізіліп келе жатқан конституциялық реформалар мен сайлау жүйесі реформалары демократия қағидаларымен барынша толығы үстінде екендігін көрсетеді. Қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы сайлау заңдылығындағы оң өзгерістерге баға беріп болжам жасайды. Сонымен бірге Қазақстандағы сайлау жүйесіндегі сапалы өзгерістерді сипаттай келе авторлық ұсыныстар жасайды.

Түйін сөздер: сайлау, сайлау жүйесі, мажоритарлы сайлау жүйесі, пропорционалды сайлау жүйесі, аралас сайлау жүйесі, абсентизм, референдум, сайлау процесі.

DOI: <https://doi.org/10.32523/26-16-6887/2019-128-3-18-25>

Кіріспе. Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен дамуы саяси жүйенің демократиялық қағидаларын нығайту сайлау жүйесін жетілдірумен тығыз байланысты. Сайлау жүйесіндегі реформалар қоғамымыздағы ең маңызды реформалардың бірі болып табылады. Сайлау жүйесі мемлекеттік және қоғамдық билікті қалыптастырып, мемлекет пен қоғамның одан әрі даму жолын анықтайды. Мемлекеттегі режим мен демократияның дәрежесі және мемлекеттің ашықтығы қандай сайлау жүйесін таңдауына байланысты екендігі анық. Конституциялық демократиялық мемлекет құру мен азаматтық қоғамды қалыптастыру, түбегейлі саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени сапалы өзгерістер жасау және оны жаңартып отыру өте ұзақ, күрделі үрдіс болып табылады.

Сайлау жүйесі деп сайланбалы органдарды қалыптастыруға қатысу қағидалары мен шарттарын, сондай-ақ сайлауды ұйымдастыру мен өткізуді қамтитын мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқарудың сайлау органдарын қалыптастыру тәртібін айтамыз.

Мақсаты. Қоғамдағы сайлау жүйесінің сипаты мен Қазақстандағы қазіргі сайлау жүйесінің саяси-құқықтық қалыптасуының кезеңдерін, түрлерін, сайлау жүйесінің даму мәселелерін қарастыру болып табылады.

Зерттеу әдістері. Сайлау жүйесінің кезеңдерін зерттеуде хронологиялық тәсіл пайдаланылды және саяси жүйе түрлерін қарастыруда SWOT талдау әдісі мен салыстырмалы зерттеу әдістері қолданылды.

Нәтижелерді талқылау. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясында мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы - халық. Халық билікті республикалық референдумда, еркін сайлауларда жүзеге асырады немесе өз билігін жүзеге асыруға мемлекеттік органдарға береді деп халық билігі тікелей және өкілдік формалары арқылы конституциялық тұрғыдан бекітілген [1, 34 б.].

Қазақстан Республикасында сайлауларды өткізу тәртібі ең алдымен 1995 жылғы 28-қыркүйекте «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» қабылданған

Конституциялық заңға [2], «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 2 қарашадағы Конституциялық заңына [3], сондай-ақ Орталық сайлау комиссиясының қаулыларымен белгіленеді. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Конституциясының 33-бабы Қазақстан Республикасы азаматтарының тікелей және өз өкілдері арқылы мемлекет ісін басқаруға қатысуға, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына тікелей өзі жүгінуге, сондай-ақ жеке және ұжымдық өтініштер жолдауға және мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға, сондай-ақ республикалық референдумға қатысуға құқығы барлығын анықтайды, сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтардың сайлауға және сайлануға, республикалық референдумға қатысуға құқығы жоқ деп көрсетілуі азаматтардың мемлекет ісін басқаруға қатысуы мен жалпыға ортақ тең және тікелей сайлау құқығына кепілдік бергенін көрсетеді.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заң үнемі жетілдіріліп, заманауи әлемнің реалийлеріне сәйкес түзетіліп отырады. Сайлау заңнамасымен бірге сайлау үдерісі де жақсарады, сайлаушылардың және басқа да сайлау үдерісіне қатысушылардың құқықтық мәдениеті артады [4].

Бұл Қазақстанда қоғамдық-саяси дамудың жаңа кезеңінде жүргізіліп келе жатқан конституциялық реформалар мен сайлау жүйесі реформалары демократия қағидаларымен барынша толығу үстінде екендігін көрседі және сайлау заңнамасын БҰҰ, ЕҚЫҰ, ТМД және басқа да халықаралық ұйымдар құжаттарында бекітілген халықаралық құқықтық стандарттарға сәйкес келтіру аса маңызды болып табылады, әрі өкілді демократияны саяси-құқықтық тұрғыдан жетілдіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, сайлау реформасы бір мезгілде сайлау құқығының дамуымен байланысты екендігі сөзсіз.

Қазақстан Республикасындағы қазіргі сайлау жүйесі өзіндік саяси-құқықтық қалыптасу мен дамып жетілудің мынадай эволюциялық кезеңдерінен өтті:

1-кесте

Қазақстан Республикасының сайлау жүйесінің даму кезеңдері

Кезеңі	Жылдары	Мазмұны
1	1989-1992	Қазақстан Республикасының сайлау институтының трансформациялануы
2	1993-1995	Сайлау жүйесінің құқықтық негізінің қалыптасуы
3	1995-1998	Өкілді билік органдарының сайлау жүйесі реформаларына сәйкес қалыптасуы мен дамуы
4	1998 жылдан қазіргі уақыт аралығы	Сайлау жүйесінің демократиялық талаптарға сәйкес дамуы Сайлау институтының құқықтық – саяси механизмінің жаңаруы, саяси реформалардың жаңа бағдарламасының ұсынылуы

Ескертпе: автормен құрастырылған кесте

1-кезең - 1989 жылдың қыркүйегі мен 1992 жылдың желтоқсаны аралығына келеді. Бұл кезеңдегі Қазақстан сайлау жүйесі оның бұрынғы кеңестік жүйеден мұраға қалғанымен ерекшеленді. Тоталитарлық саяси жүйе мен коммунистік партияның толық билігіндегі сайлау институты әуел бастан-ақ бірнеше үміткерлердің арасынын таңдау мүмкіндігін бермейтін. Ол «халық билігінің» бір белгісі ретінде ғана әрекет етті және таза символикалық, шартты сипатта болды [5].

2-кезең - Қазақстан сайлау жүйесінің екінші кезеңі, 1993 жылдың қаңтарынан 1995 жылдың тамызы аралығын қамтиды. 1992-1993 жылдардағы сайлау жүйесі қалыптасып келе жатқан жаңа қоғамдық қатынастар мен саяси билік жүйесіне сәйкеспейтін, сондықтан да қайта ұйымдастыруды қажет етті. Дегенмен, бұрынғы сайлау жүйесі арнаулы сайлау заңы қабылданғанға дейін әрекет ете берді, оған өзгерістер енгізу арқылы ғана алға елеулі қадамдар жасалды [6].

3-кезең - Қазақстанның сайлау жүйесі дамуының үшінші кезеңі, 1995 жылдың тамыз айынан 1998 жылдың күзіне дейін аралықты қамтиды. 1995 жылдың 30- тамызындағы республикалық референдумда Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының қабылдануы саяси-институттық жүйенің, оның ішінде сайлау жүйесі мен сайлау заңының өзгеруіне алып келді. «Қазақстан Республикасындағы сайлаулар туралы» ҚР Президентінің Жарлығына орай кандидаттардың барлық санаттарына екі түрлі мажоритарлы – абсолютті көпшілік жүйесі бекітілді, тек жергілікті өзін - өзі басқару органдары салыстырмалы көпшілік негізінде сайланатын болды [7].

4-кезең - Қазақстан Республикасы сайлау жүйесі дамуының төртінші кезеңі 1998 жылдың күзінде басталды. Сайлау институтының құқықтық-саяси механизмінің жаңаруына Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 1998 жылы 30- қыркүйекте Парламент палаталарының ортақ отырысында жария етілген «Елдегі жағдай, ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы, жаңа ғасырда қоғамды демократияландыру, экономикалық және саяси реформалар» тақырыбындағы Жолдауы әсер етті. Мемлекет басшысы демократияландыру мен саяси реформалардың жаңа бағдарламасын ұсынды. Мұнда ол сайлау мен сайлау үдерісі мәселелеріне ерекше назар аударды [8].

Қазіргі таңда «Қазақстан Республикасының Сайлау туралы» заңында көрсетілген сайлау жүйесінің үш негізгі түрін бөліп қарастырған жөн. Олар: пропорционалды, мажоритарлы және аралас.

SWOT талдау (сайлау жүйесінің ерекшеліктері)

Сайлау жүйелері	Артықшылығы	Кемшілігі
Мажоритарлы	<p>-Депутаттар мен сайлаушылар арасында тығыз, тікелей байланыс қалыптасады, көбінесе жекелік сипатқа ие болады. Депутат өзінің сайлау округын, оның проблемалары мен мүдделерін жақсы біледі. Депутаттың өз сайлаушыларымен тікелей тығыз байланысы, оның парламенттегі ықпалын күшейтеді, оған сыртқы ықпалдардың әсерін әлсіретеді, саяси қысымға ұшырамайды;</p> <p>-Мажоритарлы сайлау жүйесі ең күшті саяси ағымның жеңуіне мүмкіндік береді, парламентке орта және ұсақ ықпалдағы партиялардың өтуіне мүмкіндік бермейді, сөйтіп екі немесе үш партиялық жүйені қалыптастырады, атқарушы биліктің қызметінде жетістіктерге жетуіне мүмкіндіктер жасайды.</p>	<p>-Ең алдымен ол елдегі саяси күштердің ақиқат жағдайын көрсетуге қабілетсіз. Себебі олардың көпшілігі парламенттік қызметтен тыс қалады. Сонымен бірге, қоғамда кейбір азшылық топтар өкілсіз қалуы мүмкін, яғни олардың мүддесін қорғаушылар заң шығарушы билік құрылымында жоқ деген сөз;</p> <p>-Мажоритарлы сайлау жүйесі депутаттардың жалпыхалықтық, жалпы мемлекеттік мүдделерден топтық және өлкелік мүдделерді жоғары қоюға итермелейді. Бұл парламенттің жалпыхалықтық, жалпы мемлекеттік ұйым ретіндегі рөлін әлсіретеді;</p> <p>-Мажоритарлы сайлау жүйесі сайлаушылардың саяси еркін манипуляциялауға жол береді, көбінесе сайлаудың нәтижесі сайлау округтарын дұрыс бөлуге байланысты болады.</p>
Пропорционалды	<p>-Парламент деңгейінде саяси күштердің өкілдері болуына мүмкіндік береді. Парламенттік саяси шешім қабылдау нәтижесінде жекелеген әлеуметтік және саяси топтардың мүдделері есепке алынады. Пропорционалды сайлау жүйесі азаматтық қоғам мен саяси жүйе, мемлекет арасындағы байланысты нығайтады, плюрализмнің дамуына мүмкіндік береді.</p>	<p>-Дауыс беру жеке адамға емес, партияға негізделген соң сайлаушылар мен парламент депутаттары арасындағы байланыс әлсірейді. Кандидаттар тізімі әкімшілік-кеңселік жолмен әзірленеді, бұл кандидаттың партиялық-аппараттық құрылымға тәуелділігін күшейтеді;</p> <p>- Пропорционалды сайлау жүйесінің бүкіл ел көлемінде қолдаушылары жоқ саяси күштердің парламентке келуі Үкіметті құруда қиындықтар тудырады. Күшті партиялардың жоқ болуы, көппартиялық коалициялардың құрылуына алып келеді, бұл партиялардың бағыттары мен бағдарламалары әртүрлі болғандықтан түрлі күштердің келісімге келуі қиындайды. Бұл келісімдер тұрақты болмайды, ол Үкімет қызметіне де әсер етіп, қайшылықтар тудырады.</p>
Аралас	<p>-Ел көлемінде депутаттық мандаттардың бір бөлігі мажоритарлық жүйе бойынша, екінші бөлігі партиялық тізім бойынша жинаған дауыс негізінде бөлінеді. Сөйтіп, мажоритарлық және тепе-тең Пропорционалды сайлау жүйелерінің кемшіліктерінен арылып, тек артықшылықтарын пайдалануға мүмкіндік туындайды.</p>	<p>-Ұсақ партиялар өкілділігін шектеу үшін сайлау өлшемі – шегі анықталынады;</p> <p>-Көпмандатты округ орнына аз мандатты округ құрылады. Сайлауға қатысу құқығы 4-5 партияға ғана беріледі;</p> <p>-Үміткерлер тізіміне партия емес, оның өкілдері енеді, сондықтан дауыс беруде партиялық бағдарламаны емес, жеке адамдарды таңдау жүзеге асырылады.</p>

Ескертпе: автормен құрастырылған кесте

Осылайша, өкілді мемлекеттік органдарды сайлауда негізінен екі сайлау жүйесі, яғни, пропорционалды және мажоритарлы жүйелер қолданылады. Олардың белгілі бір үйлесімі негізінде дауыс берудің аралас жүйесі қалыптасады.

Бірақ, бұл сайлау жүйелерінің қай-қайсысы да демократиялық, әділ деп қайшылықты қарастыруға болмайды. Әрқайсысың тарихи және саяси тұрғыдан айқын өзіндік себептері барі. Сонымен бірге, олардың барлығының артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Ешбір сайлау жүйесі теориялық таза түрінде дұрыс болып табылмайды. Әрбір демократиялық мемлекет жаһандық демократиялық тәжірибені, оның дәстүрлерін және сол кезеңдегі саяси жағдайларын ескере отырып, сайлау жүйесін таңдап қолданады. Шет мемлекеттердің сайлау жүйесін таңдау тәжірибесі алдын ала таңдалған және қағидаларға негізделген жүйелерді емес, ақылға қонымды, орындысын таңдауды көрсетіп отыр. Дегенмен бейтарап және мінсіз сайлау жүйесі жоқ екені белгілі.

Мажоритарлы сайлау жүйесі сайлаушылардың саяси артықшылықтарын жеткілікті түрде көрсетпейді, өйткені екінші кезеңде сайлаушылардың басым бөлігі қолдайтын үміткерлер бар. Көптеген сайлаушылар үшін дауыс берудің екінші кезеңінде өз мүдделерін қорғайтын үміткерлерді емес, қолдауға лайық үміткерді таңдаумен шектеледі. Мажоритарлы сайлау жүйесі сайлаушылардың басым көпшілігіне қарсылық білдіретін үміткерді таңдауға әкелуі мүмкін, сайлау үдерісінің бәсекелестігін көрсете алмайды және абсентизмнің жоғары деңгейі сақталады. Бұған қоса, кез келген сайлау округындағы тұрғындардың көпшілігі болып табылмайтын аз ұлттардың мүдделерін ұлттық деңгейде (этникалық, діни және т.б.) өкілдік етуден шеттетуі мүмкін.

Зерттеушілердің басым бөлігі пропорционалды өкілдіктері бар елдерде әдетте көпшілік сайлау жүйесі бар елдерге қарағанда сайлаушылардың саяси белсенділігінің жоғары деңгейіне ие екенін атап көрсетеді [9].

Пропорционалды сайлау жүйесі сайлаушылардың саяси ұстанымын лайықты түрде көрсетеді, партиялық-саяси жүйені нығайтуға ықпал етеді және партиялардың дамуын ынталандырады. Сонымен қатар, партиялық тізімдер бойынша Парламенттің құрылымдануына, яғни парламенттік фракциялардың, комитеттердің және комиссиялардың құрылуына, сондай-ақ заңдар мен шешімдерді қабылдаудың тәртібін жеңілдетуге ықпал етеді.

Қазіргі уақытта Қазақстанда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің 98 депутаты пропорционалды сайлау жүйесі арқылы сайланады, тағы 9 депутат Қазақстан Халқы Ассамблеясы атынан сайланады. Пропорционалды сайлау жүйесі партиялық тізімге дауыс беруді білдіреді. Қазақстан Парламентінің құрылымдануы, өз кезегінде қабылданған саяси шешімдердің болжамдылығын арттырды, ішкі парламенттік консультациялардың үдерісін, яғни фракцияшілік, фракцияаралық консультациялар өткізуді жеделдетіп және басқа мемлекеттік органдармен өзара тиімді шешімдерді табу үдерісін жеңілдетуге септігін тигізіп отыр деп айтуға болады. Шетелдік тәжірибеде Парламентте өз мүдделерін білдіруде әрбір депутатпен жеке-жеке жұмыс істегеннен гөрі, белгілі бір бірлестік, фракция басшылығымен жұмыс істеудің жеңілірек болатындығын көрсетіп отыр.

Пропорционалды сайлау жүйесінің негізгі мақсаты көппартиялық жүйе жағдайында партиялардың пропорционалды өкілдігін қамтамасыз ету болып табылады. Сонымен қатар, Қазақстанда заңнамалық тұрғыдан партиялардың Парламентке өтуі үшін белгілі сайлау заңына сәйкес сайлаушылардың 7 пайыздық дауысын жинау міндетті меже болып табылады.

Мәжілістегі партиялық өкілдіктің кеңеюіне қатысты маңызды мәселе депутаттық мандаттарды пропорционалды бөлу үшін белгіленген 7 пайыздық меже кедергі болып табылады [10]. Дегенмен бұл межені азайтуға байланысты көптеген ұсыныстар болғанына қарамастан сол күйінде қалып отыр.

Қазақстанда соңғы уақытқа дейін азаматтардың талап-тілектері мен кері байланыс

арнасы болып табылатын саяси партиялардың саяси жүйенің тұрақты жұмыс істеуі үшін қажет болатынына қарамастан, сайлау жүйесінің кейбір олқылықтары саяси партиялардың мәртебесі мен қоғамдық ролін түбегейлі өзгерте алған жоқ. Бұл Қазақстандағы көп партиялы жүйенің дамуына белгілі бір дәрежеде кедергі келтірді және әлеуметтік және саяси айқындалу үдерісін ұзаққа созып жіберді.

Енді Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауы сияқты, Мәслихаттарды «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында көзделген ретте 2019 жылғы 1-қаңтардан бастап пропорционалды сайлау жүйесінің негізінде сайлауды енгізіп, заңда бекітуі үлкен қызығушылық туғызып отыр. Бұл ереже сайланған мәслихаттардың өкілеттіктерін тоқтату дегенді білдірмейді. Енген өзгерістер елдегі саяси партиялардың дамуының жаңа кезеңге көшуін көрсетеді және орталық пен өңірлерде, жергілікті жерлерде партиялардың бәсекелестігі жүзеге асырылатын болады. Партиялардың өңірлік бөлімшелерінің ролі белсенді бола түседі, себебі оларда партиялық тізімдер бойынша сайланатын мәслихат депутаттығына үміткерлерді ұсыну құқығы бар. Бұл Қазақстанда сайлау жүйесінің дамуының маңызды жаңа кезеңінің құрамдас бөлігі болып табылатыны сөзсіз.

Қорытынды. Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, Қазақстанда жалпыға бірдей сайлау жүйесін жетілдіру азаматтық қоғамның демократиялық негіздері мен институттарын дамытуға барынша қолдау көрсету арқылы тұрақты саяси үдерістерді жүргізудің маңызды саяси және құқықтық құралы ретінде қарастырған жөн. Сайлау жүйесін реформалау мемлекеттік саясаттың жаңа бағыты болып табылады. Бұл мемлекеттің демократиялық сипатын көрсетеді және сайланбалы институттардың қызметіндегі тұрақтылық пен үздіксіздікті қамтамасыз ететін теңдестірілген және қарама-қайшылықсыз сайлау жүйесін іздестіру мен қолдануға әкеледі. Демек, Қазақстанға сайлау жүйесін әрі қарай қалыптастыру мен дамытуда, сайлау заңнамасына өзгерістерді енгізуде қоғамдық-саяси күштердің арасындағы шынайы бәсекелестікті тудыратын және ұйымдастыратын тиімді, келісілген сайлау саясаты қажет.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. / Ғылыми-практикалық түсіндірме. – Алматы: Паритет, -2015. -552 б.
- 2 «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы». Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі N 2464 Конституциялық Заңы. - URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002464> (қаралған күні: 18.02.2019).
- 3 «Республикалық референдум туралы». Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 2-қарашадағы N 2592 Конституциялық Заңы. - URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002592> (қаралған күні: 18.02.2019).
- 4 Қазақстан Республикасы Орталық Сайлау Комиссиясының ресми сайты. - URL: <https://www.election.gov.kz/kaz/r-saylau-zh-yes/r-saylau-zh-yes-turaly-ys-asha-a-parat.php> (қаралған күні: 18.02.2019).
- 5 Қазақстан Республикасындағы сайлау жүйесі. //Қазақстан тарихы: Әдістемелік журнал. -2010. - №9. -64-66 б.
- 6 Құрманбаева Ш. Сайлау және сайлану. // Ақиқат. -2003. -№9. -8-15 б.
- 7 Лұқпанов А. Әділ сайлауға әзірлік пен әрекет. //Қазақстан-zaman. -2004. -10-қыркүйек.
- 8 Жанпейісова Қ.Д. Сайлау технологиялары. Оқу құралы. - Астана: ТехноЭрудит, - 2018. -293 б.
- 9 Саитова Н.А. Избирательная система как фактор повышения политической активности граждан и формирования международного имиджа Казахстана. //Вестник КазНУ. Серия философия. Серия культурология. Серия политология. -2010. - № 1 (34). -14 б.
- 10 Сартаев С.С., Ибраева А.С. Избирательная система Казахстана: проблемы совершенствования. // Вестник КРСУ. -2008. -Том 8. -№ 2.-119 б.

М.Ә. Болысбек, Б.Б. Бюлегенова

Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Проблемы формирования и развития избирательной системы в Республике Казахстан

Аннотация. В статье освещены этапы эволюции избирательной системы в обществе и собственное политико-правовое формирование действующей избирательной системы в Республике Казахстан. Определяется концепция избирательной системы, проведен SWOT-анализ и сравнительный анализ по типам выборов. Отражаются преимущества и недостатки избирательной системы, описываются ее нынешнее состояние и значение. Реформа избирательной системы рассматривалась как политический и правовой инструмент для обеспечения устойчивых политических процессов при полной поддержке развития демократических основ и институтов гражданского общества.

Конституционная реформа и реформы избирательной системы, которые осуществляются в Казахстане на новом этапе общественно-политического развития, показывают, что они становятся все более демократичными. Оцениваются и прогнозируются позитивные изменения в избирательном законодательстве Казахстана на современном этапе. В то же время предлагаются авторские предложения, описывающие качественные изменения в избирательной системе Казахстана.

Ключевые слова: выборы, избирательная система, мажоритарная избирательная система, пропорциональная избирательная система, смешанная избирательная система, абсентизм, референдум, избирательный процесс.

M.A. Bolysbek, B.B. Bulegenova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Problems of formation and development of the electoral system in the Republic of Kazakhstan

Abstract. In the article it is emphasized that the stage of evolution of selective system in the society and its own political-right forming of acting system of the Republic of Kazakhstan. It defines the conceptual system, has SWOT-analysis and comparative analysis on the type of selection. It reflects the advantages and disadvantages of the electoral system, describes its current state, its significance. The reformist reform system was considered as a political and right instrument for the maintenance of sound political processes in the development of democratic principles and institutions of civil society.

The constitutional reform and reforms of the selective system, which are being implemented in Kazakhstan at the new stage of the social-political development, demonstrate that they are all democratic. Evaluates and predicts positive changes in the law-making process in Kazakhstan at the current stage. In the present or the time, the author's suggestions are presented, describing the qualitative changes in the system of Kazakhstan.

Keywords: elections, electoral system, majority electoral system, proportional electoral system, mixed electoral system, absenteeism, referendum, electoral process.

References

- 1 Kazakhstan Republicasynyn Constitutsiasy [Constitution of the Republic of Kazakhstan] Cientificallly-practical dubbed word] (Raritet, Almaty, 2015, 552 p.). [in Kazakh]
- 2 «Kazakhstan Respublikasyndagy Saylau turaly» Kazakhstan Respublikasynyn 1995 zylgy 28-kyrkyiektegy N 2464 Constitutsialyk Zany [Constitutional Law of the Republic of Kazakhstan dated September 28, 1995 No. 2464 About elections in the Republic of Kazakhstan] Available at: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002464> (Accessed:

18.02.2019). [in Kazakh]

3 «Respublikalyk referendum turaly» Kazakhstan Respublikasynyn 1995 zylgy 2-karashadagy N 2592 Constitutsi-alyk Zany [Constitutional Law of the Republic of Kazakhstan dated November 2, 1995 No. 2592 About the republican referendum] Available at: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002592_. [in Kazakh] (Accessed: 18.02.2019).

4 Kazakhstan Respublikas Ortalyk Saylau Comissiasynyn resmi saity [The official Internet resource of the Central Election Commission of the Republic of Kazakhstan] Available at: <https://www.election.gov.kz/kaz/r-saylau-zh-yes/r-saylau-zh-yes-turaly-ys-asha-a-parat.php> (Accessed: 18.02.2019). [in Kazakh]

5 Kazakhstan Respublikasyndagy saylau zhuiesy [Electoral system in the republic of Kazakhstan], Kazakstan tarihy [History of Kazakhstan], (9), 64-66 (2010). [in Kazakh]

6 Kurmanbayeva S. Saylau zhane saylanu [Elect and be elected], Newspaper “Akikat”, (9), 8-15 (2003). [in Kazakh]

7 Lukpanov A. Adil saylauga azirlik pen areket [Preparation and action for fair elections], Newspaper “Kazakhstan-zaman”, 2004, 10 September [in Kazakh]

8 Zhanpeyisova K.D. Saylau technologiasy [Election technology]: Tutorial (Technoerudit, Almaty, 2018, 293 p.). [in Kazakh]

9 Saitova N.A. Izbiratel'naja sistema kak faktor povysheniya politicheskoy aktivnosti grazhdan i formirovaniya mezhdunarodnogo imidzha Kazahstana [The electoral system as a factor in increasing the political activity of citizens and the formation of the international image of Kazakhstan], Bulletin of KazNU. A series of philosophy. A series of cultural studies. Political science series, 1 (34), 14 (2010). [in Russian]

10 Sartaev S.S., Ibraeva A.S. Ibraeva A.S. Izbiratel'naja sistema Kazahstana: problemy sovershenstvovaniya [Election system of Kazakhstan: problems of improvement], Bulletin of KRSU, 2 (8), 119 (2008). [in Russian]

Авторлар туралы мәлімет:

Болысбек М.Ә. - саясаттану кафедрасының докторанты, журналистика және саясаттану факультеті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Бюлегенова Б.Б. - саяси ғылымдардың кандидаты, саясаттану кафедрасының доценті, журналистика және саясаттану факультеті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Bolysbek M.A. - doctoral student Department of Political Science, Faculty of Journalism and Political Science, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Bulegenova B.B. - candidate of political science, Associate Professor of the Department of Political Science, Faculty of Journalism and Political Science, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.